



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП БЕРУ
ГODOBOЙ ОТЧЕТ
ANNUAL REPORT
2 0 1 0



ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП БЕРУ

2010

| Қазақша | Русский | English |
|---------|---------|---------|
| 1 | 39 | 77 |

МАЗМҰНЫ

| | |
|----|---|
| 2 | KASE Президентінің акционерлер мен нарық қатысушыларына жолдаған алғы сөзі |
| 4 | Қазақстан қаржы нарығының 2010 жылдағы конъюнктурасы |
| 6 | Эмитенттерді тарту және бағалы қағаздардың өтімділік деңгейін арттыру жұмыстары |
| 10 | Сауда-саттық және есеп айырысу технологияларын дамыту |
| 14 | Туынды құралдар нарығын дамыту |
| 16 | Халықаралық ынтымақтастық |
| 18 | Корпоративтік басқару |
| 20 | 2010 жылдың қаржылық қорытындылары |
| 26 | Қаржылық есеп беру |
| 34 | Глоссарий |

КASE Президентінің акционерлер мен нарық қатысушыларына жолдаған алғы сөзі



ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

Осы есепке арқау болып отырған жыл Биржа үшін дағдарыстан алынған сабақтар зерделеніп, айқындалған проблемалар барынша шешілген маңызды кезең аяқталған жыл болды. Осы кезең аралығында басымдық биржа нарығының сенімділігін арттыратын жұмыстарға беріліп отырды.

Шетел валюталарымен жүргізілген сауда-саттықтардың қорытындысы бойынша, дефолттарды азайту мақсатында Биржада Шетел валюталары нарығы жөніндегі комитет құрылды. Бұл комитет валюта нарығы мүшелерінің төлем қабілетін тексеріп, олардың сенімділігі азырақ болатындарын сауда-саттықтар жүргізген уақытта теңге мен шетел валютасын алдын ала жеткізуге аудару туралы шешімдер қабылдай алады. Дағдарыс шарықтап тұрған шақта үміт ақтамаған "тікелей репо" операциялары нарығына сауда-саттық қатысушылары міндеттемелерінің апта сайын қайта есептелуімен өтемақылық төлемдер жүйесі қолданысқа енгізілді. 2010 жыл ішінде біз бағалы қағаздарды сату-сатып алу биржа нарығының сенімділігін біршама арттыратын, T+0 схемасы бойынша бағалы қағаздар мен қаражаттың алдын ала түгел жеткізілуімен бағалы қағаздар нарығында есеп айырысулар жүйесінің концепциясын әзірлеп, оны жүзеге асыруға кірістік. Халықаралық стандарттарға сай келетін, біз үшін мүлдем жаңа тәуекел-менеджмент жүйесін КASE 2010 жылы іске қосылған мерзімдік нарықта жүзеге асырды. Бұл жерде Биржа алғаш рет орталық контрагент болып, сақтық және кепілдік қорларының көлемінде кез келген жағдайда жасалған мәмілелердің орындалуына кепілдік береді. Қазіргі уақытта КASE көпжақты нетто-клиринг пен T+3 схемасы бойынша бағалы қағаздар нарығындағы есеп айырысулардың тәуекел-менеджментін осы қағидаттар бойынша құрып отырғандықтан да, бұл жұмыстар біз үшін маңызды. Біз реттеуіштермен бірігіп отырып, листингтік облигациялар бойынша корпоративтік эмитенттердің дефолттарына қатысты іс-қимылдар қолдану әдістемесін әзірлеп, қолданысқа енгіздік, жетілдірдік. Ресми тізімнің буферлік санатынан басқа санаттарға облигациялардың тек бірнеше атауы оралғанымен, мұндай оралудың әрқайсысы біздің нарық үшін маңызды. Биржа есеп беру жылы ҚҚА мен АӨҚО ҚРА бірлесе отырып, листингтік компаниялардың

қаржы есептілігіне аудит жүргізу құқығы берілген аудиторлық ұйымдармен өзара әрекеттесу мәселелерінде біршама ілгері басты. Бұл ретте, атқарылған жұмыстар 2011–2013 жылдарға арналған стратегиялық жоспарға осы саладағы жағдайды түбегейлі жақсарту алатын іс-шараларды кіргізуге мүмкіндік берді.

Биржа қызметіндегі тәуекелдерді азайту мәселесінде атқарылған жұмыстарды да айтып өтпеуге болмайды. Акционерлер Биржа пруденциалды нормативтерді сақтау үшін “беріктілік қорын” құрып, KASE жарғылық капиталын екі еседен астам ұлғайтты. Биржадағы есеп беру кезеңінің соңына қарай KASE қызметінің барлық негізгі бағыттарына аудит жүргізген Ішкі аудит қызметі жыл бойы өз жұмысын белсенді атқарып келді. Осы қызметті басқару жүйесі де жетілдірілді. 2010 жылы есеп беру кезеңінің аяғына қарай алдағы үш жылда қандай істерге екпін қойып, қалай жұмыс істеу керектігін нақты айқындаған Тәуекелдерді басқару қызметі құрылды. Биржаның тапсыруымен “Эрнст және Янг” компаниясы Биржадағы IT-үдерістеріне техникалық аудит жүргізіп, осы саладағы мәселелерді жақсартуға бағытталған ұсыныстар дайындалды. Мұның барлығы KASE үздіксіз қызметін қамсыздандыру мәселесін мүлдем жаңа деңгейге шығаруға бағытталған.

KASE Биржа нарығының сенімділігіне жіті мән беріп, бұл ретте елеулі жұмыстарды атқарып болып, енді, жаңа кезеңнің – дағдарыстан кейінгі даму кезеңінің табалдырығын аттамақ. Біз – қай жаққа қарай бет бұрып, қандай істерді атқару керектігін нақты білеміз. Осы жылы Биржада сатылатын қаржы құралдарының өтімділігін арттыру жұмыстары арқау болып отырған үш жылдық Стратегиялық жоспар әзірленді. Есеп беру жылы біз ынтымақтастығымыз жарасқан құрылымдармен бірлесіп, осы бағытта жүзеге асырылатын іс-шаралардың іргетасын қаладық.

Бұл ретте, ең бастысы – “халықтық IPO” үкіметтік бағдарламасы. KASE мен АӨҚО құрылымдарының бастамалары мемлекеттік органдардың тарапынан қолдау тапты. Ұлттық компаниялардың акцияларын жергілікті нарыққа шығару бағдарламасы акциялардың Қазақстанның қор нарығындағы өтімділігінің түбегейлі арттырылуына үлкен үміт арттырады. Бұл салада көптеген ережелерін Биржа мамандары әзірлеген басқа да мемлекеттік бағдарлама – Бағалы қағаздар нарығын дамытудың жол картасы жүзеге асырылатын болады.

Өтімділіктің өсіміне негіз қалыптастыратын Биржаның басқа да жұмыстарын айтып өткен жөн. Осылайша, 2010 жылы біздің ойымызша, KASE брокерлерінің жұмыс ережелері анағұрлым ыңғайлы бола түскен маркет-мейкерлер қызметінің жаңа ережелері жарық көрді. Биржа есеп берілетін жыл бойы өтімділікті арттыру мақсатында оларды өз алаңында қолдану мүмкіншілігін бағалап, тараптас сауда және постсауда технологияларын зерттеп келді. 2010 жыл Биржа осы салада қабылданған халықаралық стандарттар мен хаттамаларды қолдана отырып, нарықтық ақпараттың әлемдік алып провайдерлеріне сауда деректерін нақ осы уақыт режимінде жіберу мүмкіндігін алған алғашқы жыл болды. Енді, әлемнің кез келген елінің инвесторлары шешім қабылдаған уақытта біз ұсынған деректерді тиімді пайдалана алатын болады. Биржа акцияларды KASE интернет желісі арқылы сатуға мүмкіншілік беретін жаңа терминалды дайындап, іске қосты. Есеп беру жылының желтоқсан айында біз осы терминалдың қолданылуымен аясы шектелмеген жекеменшік инвесторлар арасында сәтті биржалық ойын өткіздік.

Жоғарыда атап өтілген міндеттерді орындай отырып, KASE коммерциялық құрылым ретінде дамуын тоқтатпады. Есеп беру жылы Биржа тарихында алғаш рет өз акционерлеріне дивидендтер төледі. Дағдарыс салдарынан еңсесін әлі көтермеген кейбір нарық секторларындағы айналымның әлі де азайып жатуына қарамастан, 2010 жылы Қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша Биржаға келтірілген таза пайда жоспардағы көрсеткіштерден екі есе асты.

Сөз соңында, Биржаның акционерлері мен мүшелеріне бірлесіп атқарылған жемісті жұмыс үшін алғысымды айтып, Биржа бұдан былай да алға қойған стратегиялық міндеттерін орындау үшін аянбай қызмет етіп, бар күшін салатындығына сендіргім келеді.

“Қазақстан қор биржасы” АҚ Президенті
Қ.Қ. Дамитов

Қазақстан қаржы нарығының 2010 жылдағы конъюнктурасы

Есеп беру жылы Қазақстанның экономикалық жағдайының, халықаралық қаржы нарығының жақсарғандығымен және мұның нәтижесінде, отандық қаржы нарығындағы негізгі көрсеткіштердің әр тарапқа бағыт алған және бір-біріне қарама-қайшы келген серпіннің көрініс табуымен ерекшеленді.

2010 жылы 2009 жылдың көктемінде өз міндеттемелері бойынша дефолт жариялаған Қазақстанның үш ірі банкінің берешегін қайта құрылымдау процесі аяқталғанда Қазақстандағы қаржы дағдарысының шиеленіскен кезеңі аяқталды деп айтуға болады.

Берілген түрлі бағаларға сүйенсек, “Альянс Банк” АҚ, “БТА Банк” АҚ және “Темірбанк” АҚ шығынға жазылған берешегінің мөлшері 11 млрд АҚШ долларынан 12 млрд АҚШ долларына дейін жетіп, қалғаны осы банктердің акциялары мен жаңа облигацияларына айырбасталған.

2010 жылдың екінші жартысында Қазақстанның корпоративтік борыш нарығындағы жағдай біршама тұрақталып, мамыр айынан бастап, өз облигацияларына қызмет көрсету бойынша дефолтқа жол берген жаңа құрылған компаниялар тіркелмеді. Жылдың екінші жартысында реттелмеген берешек көлемі 54 % 94 млрд теңгеге¹ азайды. Төрт компания берешекті түгелімен реттесе, сегіз компания ішінара реттеген.

Қазақстан қаржы нарығының корпоративтік секторындағы несие тәуекелдерінің біршама азайғандығына қарамастан, қатысушылар консервативтік инвестициялық стратегияларды ұстануын жалғастырып келді. Инвесторлар мемлекеттік бағалы қағаздарға (МБҚ), сондай-ақ инвестициялық сапасы жоғарырақ корпоративтік облигацияларға – мемлекеттік және мемлекеттік сыңайлы ірі компаниялардың міндеттемелеріне бейім екендіктерін көрсетті (1-сур.).


Қаржы министрлігі жыл қорытындысы бойынша ЖІӨ 2,89% құраған мемлекеттік бюджет дефицитін қаржыландырып, МЕКАМ белсенді шығарды (2-сур.). Мемлекеттік облигациялар нарығындағы жоғары сұраныс пен ұсыныс саудасаттық көлемі 2010 жылы 1,7 % 1 431,4 млрд теңгеге артқан МБҚ биржа нарығын ұстап тұрды.

Кірісі тиянақталған бірінші кезектегі құралдар сұранысқа ие болып тұрған кезде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының рөлі біршама артты. 2010 жылы жыл бойына жергілікті және шетел нарығына “Қазатомпром” Ұлттық атом компаниясы” АҚ, “ҚазМұнайГаз” Ұлттық компаниясы” АҚ мен “Қазақстанның даму банкі” АҚ облигациялары орналастырылып келді. Нәтижесінде, корпоративтік облигациялардың қазақстандық бастапқы биржа нарығы арқылы ғана тартылған қаражат көлемі есеп беру жылы KASE бүкіл тарихында рекордтық көлемге – 64,8 млрд теңгеге (438,8 млн АҚШ долларынан) жетті.

¹ Дефолтқа жол берген бірқатар компаниялар делистингіге ұшырап, эмитенттерінің қызметі туралы ақпаратты ашу бойынша Биржаның алдындағы міндеттемелерінен айырылғандықтан, Биржаның қолында корпоративтік борыштар бойынша орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы, сондай-ақ оларды реттеу үшін эмитенттер қолға алатын іс-шаралар туралы нақты мәлімет жоқ.


1-сурет

ҚАЗАҚСТАН ЖЗҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛІНІҢ
2005–2010 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖИЫНТЫҚТЫ ҚҰРЫЛЫМЫ, %




2-сурет

2005–2010 ЖЫЛДАРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ
ТАПШЫЛЫҒЫ, ЖІӨ %



3-сурет


UBS SMI COMPOSITE USD TOTAL RETURN* ТАУАР НАРЫҒЫ ИНДЕКСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ, НҮКТЕЛЕР**



* Тауарлы фьючерстерінің кеңінен әртарапандырылған себетінің кірістілігін көрсететін индекс
** Bloomberg деректері

4-сурет


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2009 ЖӘНЕ 2010 ЖЫЛДАРДАҒЫ
ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ ИНДИКАТОРЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, МЛРД USD*



* Ұлттық Банкінің деректері


5-сурет

2010 ЖЫЛДАҒЫ АҚША НАРЫҒЫ ИНДИКАТОРЛАРЫНЫҢ
ДИНАМИКАСЫ, ЖЫЛДЫҚ %



6-сурет


KASE ИНДЕКСІ МЕН НЕГІЗГІ ШЕТЕЛДІК ИНДЕКСТЕРІДІҢ 2010 ЖЫЛДАҒЫ ДИНАМИКАСЫ, %*



* Bloomberg деректері

7-сурет

2010 ЖӘНЕ 2009 ЖЫЛДАРДАҒЫ KASE ИНДЕКСІНІҢ ӨКІЛЕТТІ ТІЗІМІНІҢ АКЦИЯЛАРЫ БАҒАСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, %



Бұған қоса, 2010 жыл халықаралық тауар-шикізат алаңдарындағы бағалардың салыстырмалы түрде жоғары болуымен ерекшеленді. Жыл қорытындысы бойынша Brent маркалы мұнайдың бір баррелінің бағасы 14,6%-ға 93,49 АҚШ долларына қымбаттады. London Metal Exchange биржасында мыстың бір тоннасының үш айлық фьючерс бағасы 23,8%-ға 4 213 АҚШ долларына дейін көтерілді (3-сур.).

Қазақстандық экспорттың негізгі баптарының бағасы жоғары болуы отандық компаниялардың экспорттан түскен түсімінің өсуіне және сыртқы сауданың статистика көрсеткіштерінің жақсаруына әкелді. 2010 жылы Қазақстан сауда теңгерімінің оң сальдосы 28,9 млрд АҚШ долларының эквивалентіне, төлемдік теңгерімнің ағымдағы шотының оң сальдосы 4,32 млрд АҚШ долларының эквивалентіне жетті (4-сур.).

Экспорттан түскен түсімнің бірқатар бөлігі экспорттаушы компаниялардың екінші деңгейдегі банктердегі (ЕДБ) корреспонденттік шоттарына шоғырландырылды. Бұл валюта нарығы қатысушыларының арасында жүргізілетін конверсиялық операциялар көлемінің артуына әкелді. 2010 жылы шетелдік валюталармен жүргізілген сауда-саттық көлемі 15,7 трлн теңгені құрап, 2009 жылғы көрсеткіштен 59,4%-ға артты. Валюта нарығының алып-сатарлық әлеуеті төмен болып қала берді – Ұлттық Банк АҚШ долларының бағамын бір доллар үшін 146,5–148,0 теңге арасында ұстап тұрды.

ЕДБ сұранысқа ие болмай отырған өтімділік көлемінің өсуі 2010 жылы мөлшерлеменің төмендеуіне және Қазақстанның ақша нарығындағы сауда-саттық көлемінің артуына әкелді. KazPrime-3М индикаторының мәні жыл соңына қарай жылдық 2,0%-ға жетіп, жыл бойы TONIA индикаторы жылдық 2,8%-дан аспады (5-сур.). Repo операциялары нарығындағы сауда-саттық көлемі 2010 жылы 12,7 трлн теңгені құрап, 2009 жылмен салыстырғанда 22% өсті.

Акциялардың жергілікті нарығының даму жағдайлары есеп беру жылы әдетінше халықаралық қор және сауда-шикізат алаңдарындағы оқиғалармен айқындалды. Жыл ортасында Еуропалық одақ елдеріндегі қазыналық дағдарыс аясында инвесторлары бүкіл дүние жүзінде еуропалық активтерді сатып, дамушы елдердегі компаниялардың бағалы қағаздар бойынша ұзын позицияларды жабумен болды. Қытай экономикасы ысынуы мүмкін деген қауіп пен көптеген сарапшылардың жаһандық экономиканың қалпына келетіндігіне күмәндануы жағдайды ушықтырды. Мамырдың аяғы мен маусымның басына қарай әлемдік негізгі қор индекстері өздерінің ең төмен жылдық мәндеріне жетсе, KASE индексі жылдық минимумына дейін түсіп, 1 349 нүктеге 23,7%-ға төмендеген (6-сур.).

Жағдай күз мезгілінде, АҚШ-та алдағы 8 айда 600 млрд АҚШ доллары сомасына мемлекеттік облигациялардың сатып алынуын көздейтін сандық бәсеңдеудің екінші кезеңінің басталғандығы туралы жарияланған уақытта тұрақталды. Өтімділіктің қосымша құйылуы халықаралық қор және тауар-шикізат нарығында қарқынды өсім туғызды.

Қазақстанда бағалардың дұрысталу кезеңі позитивті макроэкономикалық ақпарат жарияланған уақытта есеп беру жылының соңына келді. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді егеменді рейтингі бойынша Fitch Ratings болжамы “тұрақтыдан” “позитивтіге” көтеріліп, нақты ЖІӨ жыл қорытындысы бойынша 7% құрады. Осы орайда KASE индексі бұған дейін төмендеген орнын біршама толтырып, жыл соңына қарай мәні 1 718 нүктеге жетті. Kazakhmys PLC (+18,1%), EURASIAN NATURAL RESOURCES CORPORATION PLC (+14,3%), “Қазақстан Халық жинақ банкі” АҚ (+12,8%) мен “Қазақтелеком” АҚ (+8,7%) жай акцияларының өсімі алдыңғы орындардан көрінді. Жыл қорытындысы бойынша “Казкоммерцбанк” АҚ (-33,5%), “ҚазМұнайГаз” Барлау Өндіру” АҚ (-20,9%) және “ЦентрКредит Банкі” АҚ (-22,6%) жай акциялары төмендеген (7-сур.).

2010 жылдың қорытындысы бойынша макроэкономикалық статистика 2008–2010 жылдары Қазақстан экономикасы мен қаржы нарығында бірқатар түбегейлі оң өзгерістер болды деуге мүмкіндік береді. Десек те, көптеген мәселелер әлі де күн тәртібінде қалуда. Қаржы нарығының Қазақстанда бұдан әрі дамуы көп жағдайда осы мәселелердің сәтті шешілуіне байланысты болады.

Эмитенттерді тарту және бағалы қағаздардың өтімділік деңгейін арттыру жұмыстары

ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ IPO ДАЙЫНДАУЫ

2010 жылдың 29 қаңтарында өзінің жыл сайынғы халыққа жолдауының аясында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев жүзеге асырылуындағы негізгі шарттардың бірі – дамыған отандық қор нарығы болуы тиіс болатын 2020 Стратегиялық жоспарының жүзеге асырыла басталғандығын хабарлады. Бұл жолдауында Елбасы 2020 жылға қарай Қазақстан қор нарығы ТМД мен Орталық Азияның ислам банкингінің аймақтық қаржы орталығына айналуы, ал Алматы қаласы Азиядағы жетекші қаржы орталықтарының ондығына кіру керектігін атап өткен болатын.

Отандық қор нарығын дамыту тәжірибесі мен көптеген елдердің осы саладағы тәжірибесі бұл мәселені ірі ұлттық және мемлекеттік сыңайлы компаниялардың акцияларын ішкі ұйымдастырылған нарыққа шығармай мүмкін емес екендігін көрсетіп отыр. Мұндай жағдайды түсінген Биржа акцияларды ішкі ұйымдастырылған нарыққа шығару керектігін көп жылдардан бері бірнеше мәрте айтып келген болатын. Соңғы жылдары бұл мәселеге АӨҚО ҚРА мен “Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығы” АҚ қосылды. Ал, есеп беру жылы аралығында, соның ішінде кеңесшілердің² ұсыныстарымен бұл идея аталған компанияларға жергілікті қор нарығына шетелдік инвесторларды тарту мақсатында IPO тек Қазақстанда жүргізілуін көздеген шартпен толықтырылды.

Нәтижесінде, Биржа мен АӨҚО басшылығының ұстанымдары Елбасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан қолдау тапты.

2010 жылдың 25 мамырында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.Қ. Мәсімов отандық қор нарығының дамытылуын белсендіруді тапсырған болатын. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қаржылық тұрақтылық және қаржы нарығын дамыту кеңесінің жанындағы арнайы Жұмыс тобы құрылды. Бұл Жұмыс тобының міндетіне:

- бағалы қағаздар нарығының нормативтік базасын жетілдіру мәселелерін қарастыру;
- ішкі валюталық және қор нарығына шетелдік қатысушылардың қатысуына рұқсат берілу мәселесін жеңілдету;
- бөлшек сауда инвесторларын белсендіру;
- эмитенттерді бағалы қағаздар нарығына шығару бойынша мемлекеттік бағдарлама әзірлеу кіреді.

2010 жылғы 12 тамызда өткен “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ Басқармасының кеңейтілген отырысында Елбасы “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ еншілес компанияларының бірқатар акциялар пакетін елдегі қор нарығына орналастыруды ұсынған болатын. Кейін, 2010 жылғы 18 қарашада өткен “Сарапшы-100-Қазақстан” II экономикалық форумында Премьер-министр К.Қ. Мәсімов Үкіметтің Қазақстанның қор нарығындағы ұлттық компанияларға IPO (SPO) жүргізуге ниетті екендігін тағы бір мәрте растады.

² “EBRD консалтингтік жобасын әзірлеу” параграфын қара.

24–25 қараша күндері Биржа “Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы” АҚ-мен бірлесіп, “Қазақстан қор нарығы. KASE IPO” атты екі күндік форум өткізді. Форумда талқыға түскен басты мәселелер: Қазақстанның дағдарыстан кейінгі даму кезеңінде ұлттық компаниялар IPO рөлі, Биржада IPO жүргізу шарттары және Қазақстан қор нарығының инвестициялық әлеуеті. Өткізілген форум елдің іскери ортасы мен мемлекеттік құрылымдары конструктивті диалог орнатқан алаңға айналды.

Жергілікті нарықта IPO жоспарлап отырған компаниялар үшін тартымды жағдай жасау мақсатында Биржа мен АӨҚО ҚРА Биржаның Листингтік ережелеріне өзгерістер әзірлеп, енгізді.

Атап өтсек, 2010 жылдың 25 тамызынан бастап, акциялардың Биржада айналуына рұқсат етуші бастамашылар егер:

- IPO жүргізу мақсатында акциялар KASE ресми тізіміне алғаш рет енгізіліп отырса;
- акциялар KASE ашық сауда-саттық әдістерінің бірімен орналастырылатын болса;
- Листингтік комиссияның осы акцияларды ресми тізімге енгізу туралы шешім күшіне енген күннен бастап, күнтізбелік алты ай ішінде берілетін IPO нәтижелері бойынша тартылған қаражат көлемі кемінде 1 млн АЕК балама болса;
- IPO жүргізілген уақытта орналастырылған акцияларды кемінде 50 инвестор сатып алса.

IPO қорытындысы бойынша еркін қолданыстағы акциялар саны IPO бастамашысы болған листингтік компанияның орналастырылған акцияларының жалпы санының кемінде 10%-ын құраса (эмитент сатып алған, ауыртпалық салынған, не болмаса оқшауланған акцияларды қоспағанда), кіру алымдары мен жыл сайынғы алғашқы листингтік алымдар төлеуден босатыла алады.

Оның үстіне, 2010 жылғы 13 тамызда KASE Басқармасының шешімімен, листингтік компаниялар биржалық IPO жүргізген уақытта оларға Биржа тарапынан көрсетілетін кеңейтілген ақпараттық қолдау тәртібі айқындалды. Мұндай қолдау тегін көрсетіліп, листингтік компаниялар мен олардың қызметін инвесторлардың арасында танымал ету мақсатында бүкіл биржалық инфрақұрылымды пайдаланатын алуан түрлі іс-шаралар кешенін қамтитын болады.

ЛИСТИНГІЛІК КОМПАНИЯЛАРҒА ҚОСЫМША ЖЕҢІЛДІКТЕР ЕНГІЗУ

2010 жылдың 9 маусымында бағалы қағаздары Биржада белсенді саудаланатын эмитенттеріне қосымша жеңілдікті енгізу туралы шешім қабылданды: егер алдағы 12 айда қандай да бір атаудағы акциялармен жасалған мәмілелер бойынша комиссиялық алымдар сомасы 2 000 еселік АЕК мөлшерін құраса, мұндай акциялар бойынша жыл сайынғы листингтік алым 100 еселік АЕК мөлшеріне дейін төмендетілетін болады.

Мұндай артықшылық free float деңгейі салыстырмалы түрде жоғары және акционерлермен арада тұрақты байланыс орнатылуды қамтамасыз ететін және осы арқылы, өз акцияларының ашық нарықтағы өтімділігін ынталандыра отырып, компанияларды көтермелеу ретінде әзірленген. 2010 жылы мұндай жеңілдікті екі компания ғана – “ҚазМұнайГаз” Барлау Өндіру” АҚ мен KAZAKHMYN PLC алды.

EBRD КОНСАЛТИНГТІК ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ

EBRD ынтымақтасу аясында Биржаның бастамасымен 2010 жылдың шілде айында бағалы қағаздардың Қазақстанның ұйымдастырылған қор нарығындағы өтімділігін арттыруға және Биржаның эмитенттер мен инвесторларға көрсететін қызметтерінің сапасын арттырып, жетілдіруге бағытталған Kazakhstan Stock Exchange Capacity Building Project консалтингтік жобасы жүзеге асырыла бастады.

Жобаны Wiener Boerse AG аустриялық биржасы мен оның серіктесі – CAPMEX консалтингтік компаниясы бірлесіп әзірледі. Жоба халықаралық стандарттар мен тәжірибе енгізу арқылы Биржаға Қазақстанның ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығын дамыту үшін берілген грант есебінен EBRD тарапынан қаржыландырылды.

Бес кеңесшіден құралған топ алты ай аралығында Биржа мен оның қызметінің басты аспектілерін зерттеді. Жоба аясында 2010 жылдың 27 қыркүйегінде Биржа нарық реттеушілері мен қатысушыларына арналған семинар өткізді. Семинар барысында қатысушыларға кеңесшілер Қазақстанның бағалы қағаздар нарығындағы өтімділікті арттыру бойынша ұсынып отырған шаралар таныстырылды. Жыл соңында кеңесшілер қорытынды есеп әзірлеп, Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының тартымдылығын арттырудағы соңғы ұсыныстарын дайындап шығарды.

САРМЕХ мамандары Қазақстанда ірі ұлттық компанияларға IPO жүргізу қажет екендігін ерекше атап өтіп, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені мен есеп айырысу жүйесін жандандырды, шетелдік компаниялардың жергілікті нарыққа тікелей кіруіне мүмкіншілік беруді және т.б. ұсынды. Берілген ұсыныстардың толық тізімі Биржаның веб-сайтындағы арнайы бөлімдерде жарияланған.

МАРКЕТ-МЕЙКЕРЛЕР ИНСТИТУТЫН ЖЕТІЛДІРУ

Биржада сатылатын қаржы құралдарының өтімділігін арттыру жұмыстарының шеңберінде Биржа 2010 жылы маркет-мейкерлер институтының жетілдірілуіне ерекше мән берді. Бұл жұмыстың нәтижесінде Биржалық кеңес 2010 жылдың 25 маусымында бекіткен маркет-мейкерлер қызметінің жаңа Ережелері әзірленді. Ережеге енгізілген жаңартулар төмендегідей:


1. KASE ресми тізімінің ең жоғарғы санатындағы сауда-саттыққа жіберілген акциялар бойынша сату және сатып алу жүргізуге міндетті үздік баға белгілеулер мен өтімді акциялар арасындағы спрэдтің ең жоғары мәні 7 %, өтімсіз акциялар мен пайлар бойынша сатып алуға баға белгілеу мәнінен 10 %; KASE сауда жүйесі кірістілігін есептемейтін облигациялар бойынша сатып алуға баға белгілеу бағасына қатысты сату және сатып алу баға белгілеулерінің бағалары арасындағы айырмашылықтан 8 % деңгейінде белгіленген³.
2. Маркет-мейкерлердің өз қызметін уақытылы орындамағаны үшін немесе толығымен орындамағаны үшін жауапкершілігі өзгертілді. Маркет-мейкер міндетті баға белгілеулерді мәлімдеу және ұстау бойынша міндеттемелерін уақытылы орындамаған жағдайда Биржаға мұндай міндеттемелерін орындамаған мерзімнің ұзақтығына байланысты 20-дан бастап, 200-ге дейін АЕК мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс⁴.
3. Маркет-мейкерлерге маркет-мейкерге міндетті баға белгілеулердің жаңа мәндерін шығару үшін берілетін сауда күні шегінде "тайм-ауттар" – уақыт аралықтарын алу мүмкіншілігі берілген. Бұл уақыт аралығында маркет-мейкер міндетті баға белгілеулерді ұстап тұрмаса болады. Мұндайда:
 - тайм-ауттарды қолдану режимі маркет-мейкердің міндеттері орындалатын бағалы қағаздар өтімділігінің түрі мен дәрежесіне байланысты болады;
 - өтімді акциялар, пайлар және облигациялар бойынша бір сауда сессиясы аралығындағы тайм-ауттардың жалпы ұзақтығы 30 минуттан, ал өтімсіз акциялар бойынша – 15 минуттан аспауы тиіс;
 - маркет-мейкер қайткенмен де Биржаның сауда жүйесіндегі міндетті баға белгілеулерді бағалы қағаздар бойынша сауда сессиясы ашылған сәттен бастап, күту режимі жүргізілген кезеңде және акциялар бойынша жабу аукционы өткізілген кезеңде 15 минут аралығында ұстап тұруға міндетті.
4. Биржа мүшелерінің арасынан сұранысқа ие болмауына байланысты бұл мамандар санаты жабылды. Алайда, Биржа бұл санаттың басқа шарттармен және басқа қағидаттармен болашақта қайта пайда болуын жоққа шығармайды.

Мұнымен қоса, мұндай жаңа ережелерде маркет-мейкерлерге олардың әр айда атқарған қызметтерінің нәтижелері бойынша жеңілдіктер беру және оларды көтермелеу жүйесі қарастырылған.

Құжаттың жаңа редакциясы 2010 жылғы 17 қыркүйекте ҚҚА-мен келісіліп, 2011 жылдың 17 қаңтарында қолданысқа енгізілген.

³ Осы құжаттың бұрынғы редакциясына сәйкес маркет-мейкерлер спрэдті сатып алуға баға белгілеуден 10 % аспайтын мөлшерде барлық акциялар бойынша, барлық облигациялар бойынша – өтелетін облигациялардың кірістілік мәндері арасындағы абсолютті мәніндегі айырмашылық бойынша өтелуге 2 % аспайтын мөлшерде үздік міндетті баға белгілеулер арасында ұстап тұруға міндетті болатын.

⁴ Маркет-мейкерлер міндетті баға белгілеулерді мәлімдеу және қолдау бойынша өз міндеттемелерін 60 минуттан астам уақыт аралығында орындамаған жағдайда Биржаның мұндай мүшесі Биржа Басқармасының шешімімен маркет-мейкер мәртебесінен арылу мүмкін.



Сауда-саттық және есеп айырысу технологияларын дамыту

“ТІКЕЛЕЙ” РЕПО НАРЫҒЫНДА ӨТЕМАҚЫЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРДІ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ

2010 жылы Биржа ҚҚА-мен бірлесіп, репо операциялары нарығында тәуекелдер деңгейін түбегейлі азайту бойынша жоспарланған, бірлескен жұмыстарды аяқтады. Мұндай іс-шаралар 2008 жылдың соңында – 2009 жылдың басында “тікелей” репо операциясын жабу мәмілелері орындалған уақытта дефолттар кезегінен кейін 2009 жылы басталған болатын.

2010 жылдың 04 мамырында репо операцияларын жүргізу ережелеріне Қосымша – Биржалық кеңес 2009 жылғы 28 мамырда бекіткен репо операцияларын “тікелей” әдіспен жүргізудің жалпы шарттары туралы келісім қолданыс күшіне енді. Аталмыш құжат Биржаның ақша нарығына “тікелей әдіспен”⁵ жүргізілетін репо операциялары бойынша міндеттемелерді нарықтық қайта бағалау механизмін енгізуге құқықтық негіз болды. Механизмді енгізу СЖ тиісті модификациялар жүргізілудің және 2010 жылдың 04 мамырынан бастап пайдалануға берілуінің арқасында мүмкін болды.

Жаңа механизм репо операциясының мерзімі аралығында қатысушылар ағымдағы нарық бағасымен репо операциясын ашқан уақытта белгілейтін сындарлы ең төменгі және ең жоғарғы репо нысанына қол жеткізілген жағдайда, репо операциясының бір қатысушысынан екіншісіне өтемақылық төлемдердің аударылуын көздейді. Төлемдердің мөлшері мен бағыты репо нысаны бағасының бағыты мен шамасына байланысты болады.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ БИРЖАЛЫҚ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Әлемдік және отандық қаржы нарығындағы дағдарыс Биржаның бағалы қағаздар нарығында қолданылатын есеп айырысулар жүйесінің әлсіз тұстарын айқындап, Қазақстанның биржа нарығының бәсекелі позицияларына кері әсерін тигізді. 2010 жылы Биржаға Қазақстандағы негізгі активтермен, компания акцияларымен жүргізілген сауда-саттықтардың жиынтық көлемінің тек 3,2%⁶ тиесілі болды.

Тиімді әрі тиісті халықаралық стандарттарға сәйкес келетін саудадан кейінгі сервис шетелдік инвесторларды тарту үшін маңызды шарттардың бірі болып табылатындықтан, Биржа есеп беретін жылы T+n (n>0) схемасы бойынша кепілдік берілген есеп айырысу жүйесіне көшу жобасын жүзеге асыруға кірісті.

Осыдан бір жыл бұрын бекітілген жоспарға сәйкес бірінші кезеңде Биржада қолданылып жүрген DVP есеп айырысу жүйесінің орнына бағалы қағаздар мен қаражаттың алдын ала түгел жеткізілуімен T+0 схемасы бойынша есеп

⁵ Әлемдік тәжірибеде механизм “mark-to-market” атауымен танымал.

⁶ Мәндер бір жолғы сипаттағы ірі мәмілелердің ескерілуімен келтіріледі. Осы мәмілелер ескерілмеген жағдайда Биржаның үлесі бір деңгейге төмен түседі.

айырысу мен клиринг жүйесі енгізілуі керек⁷. Бұл қаражатты жартылай алдын ала депозиттеу арқылы жоспардың екінші кезеңін – T+n (n>0) клирингтік жүйесіне өтуді жүзеге асыруға негіз болуы тиіс.

Биржа нарық қатысушыларына арналған толық қамсыздандырумен T+0 есеп айырысу схемасы бойынша алғашқы таныстыру тұсаукесерін 2010 жылдың 02 қарашасында өткізді. Осы іс-шараның шеңберінде есеп айырысуды жаңа тәртіппен жүзеге асыру үшін қатысушылардың шоттары талқыланып, оларға қойылатын талаптар ашылды.

2010 жылдың 30 қарашасында Биржалық кеңес бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша жүргізілетін есеп айырысулардың ережесі мен жасалатын мәмілелердің қамсыздандырылуымен байланысты сауда процедураларын жүргізу тәртібін айқындаған жаңа ішкі құжат “Толық қамсыздандырумен T+0 схемасы бойынша бағалы қағаздар саудаланатын сауда-саттықтардың қорытындысы бойынша есеп айырысулар жүргізу регламентін” бекітті.

T+0 схемасы бойынша есеп айырысудың кепілдік берілген жүйесіне көшу шеңберінде 2010 жылы СЖ-ге тиісті өзгертулер енгізілді. СЖ-ның жаңартылған нұсқасын сынақ ретінде пайдалануға енгізу 2011 жылға белгіленіп отыр. Осыдан кейін жоғарыда аталған регламент қолданысқа енгізіліп, бұған дейін қолданыста болған бағалы қағаздар саудаланатын сауда-саттықтардың қорытындысы бойынша Есеп айырысулар жүргізу регламентін алмастыратын болады.

2011 жылы Биржа есеп айырысу тәуекелдерін басқару жүйесінің енгізілуімен T+3 схемасы бойынша есеп айырысу және клиринг жүргізу жүйесіне өту жоспарын іске асыруға кірісетін болады. Бастапқы кезеңде бұл механизмді анағұрлым өтімді акциялар бойынша енгізу жоспарланып отыр. Жоба “мәміледен кейін мәміле” есеп айырысу жүйесінен анағұрлым жетілдірілген көпжақты нетто-клиринг жүйесіне өтуге мүмкіндік беретін болады. Жасалған мәмілелер бойынша дефолт тәуекелдері болса, сауда-саттық қатысушылары құратын Кепілдік беру қоры мен Биржа құратын Сақтық қордың қаражаты есебінен жабылатын болады. Есеп айырысу циклы жүретін мерзім аралығында нысан бағасының өзгеру тәуекелі мәміле жасалған күні бастапқы міндетті түрде маржалық жарналардың, мәміле жасалғаннан кейін бірінші және екінші сауда жүргізу күндері қосымша маржалық жарналардың енгізілуімен өтелетін болады.

Клирингтің жаңа жүйесінің параметрлері енгізілген әр кезең қатысушылармен айқындалып, келісілетін болады.

Мәміле бойынша есеп айырысулардың циклін ұзарту жергілікті инвесторлар үшін уақытша ыңғайсыздықтар әкелуі мүмкін болуына қарамастан, жаңа жүйе жергілікті қор нарығының шетелдік инвесторлар алдындағы тартымдылығын арттырып, болашақта Биржаның бәсекелік позицияларын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

STRADE ЖАҢА ИНТЕРНЕТ-ПЛАТФОРМАСЫН ҚҰРУ

2010 жылы Биржаның еншілес ұйымы “eTrade.kz” ЖШС интернет-трейдингке арналған СЖ жаңа терминалын (терминалдың жұмыс нұсқасының атауы “Тонкий клиент” болды) әзірлеу жұмыстарын жалғастырды. Қор нарығының кәсіпқой қатысушылары үшін терминалдың алғашқы тұсаукесері 2010 жылдың 30 маусымында өткізілген болатын.

2010 жылдың тамыз айында жаңа өнім Биржа жұмыскерлері қатысқан іскерлік ойын барысында тексеруден өтті. Қыркүйек айында мұнда студенттік ойындардың кезекті сериясы өткізілсе, есеп беру жылының желтоқсан айында бұл платформада Биржа көптеген әр алуан бөлшек инвесторлардың арасында конкурстық ойын ұйымдастырды. Бұлардың барлығы терминалмен Интернет арқылы жұмыс істеді.

Терминалдың бірінші инсталляциясын Биржа мүшелері бірқатар заң мәселелері шешілгеннен кейін 2011 жылға жоспарлады.

Жаңа өнімнің негізгі артықшылықтарына: заманауи эргономикалық интерфейс, шұғыл әрекет, бэк-офиспен түйіскен уақытта пайдаланушы портфелінің көрсетілу мүмкіншілігі және МЕМСТ 34.310-2001 стандартына сәйкес келетін электрондық сандық қолтаңбалардың, ҚБЕАО КО шығаратын ЭСҚ (электрондық сандық қолтаңба) кілттері сертификаттарының қолданылуы кіреді.


⁷ T+0 қолданыстағы және жаңа схемасы бағалы қағаздар бойынша нетто-есеп айырысуларды көздемейді, яғни есеп айырысулар “мәміледен кейін мәміле” тәртібінде жүзеге асырылады.

ЭМИТЕНТТЕРМЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ АЛМАСУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Биржа қолданыстағы ақпарат ашу жүйесінің тиімділігі мен шұғылдығын арттыру мақсатында 2010 жылы “Is2in” деген атауға ие болған листингілік компаниялармен құжат алмасудың электрондық жүйесін әзірлеуге кірісті.

Is2in – бұл ақпаратты тезірек ашуға, Биржа тарапынан осы үдерістегі адам факторын азайтуға, сондай-ақ Биржаға ұсынылатын электрондық және қағаз бетіндегі құжаттардың сәйкессіздік тәуекелін азайтуға мүмкіндік беретін бағалы қағаздар эмитенттері мен Биржа арасындағы электрондық құжат алмасудың арнаулы жүйесі. Жүйе Биржаға листингілік компаниялардың мерзімдік қаржылық есептіліктерін, сонымен қатар бастамашылар листингілік талаптарды орындау шеңберінде рұқсатты ашу үшін қажет болатын басқа да құжаттарды автоматты режимде тапсыруға мүмкіндік береді. Оның үстіне, жүйе артынан Биржаның сайтында жариялау үшін листингілік компаниялардың стандартты жаңалықты хабарларын жіберуге мүмкіндік береді.

2010 жылдың бірінші жартысында Биржа шешетін міндеттері жағынан ұқсас келетін АҚШ, Болгария, Ресей, Германия және Ұлыбританиядағы құжат айналым жүйелерін енгізу тәжірибесі зерттеліп, сараланды. Жыл соңында ішкі техникалық құжаттама әзірленіп, 2010 жылдың 23 желтоқсанында Биржа Басқармасы бағалы қағаздар эмитенттерімен электрондық құжат айналым жүйесін әзірлеу және қолданысқа енгізу іс-шараларының жоспарын бекітті. Бұған сәйкес Is2in жүйесін 2012 жылы жұмысқа пайдалануға енгізу жоспарланып отыр.



Туынды құралдар нарығын дамыту



2007–2010 жылдарға арналған Даму стратегиясын орындау шеңберінде есеп беру жылы Биржада мерзімдік нарық құралдарының сауда-саттығын қалпына келтіру жобасы жүзеге асырылды.

Мерзімдік нарықты KASE іске қосу талпыныстары бұған дейін де қолға алынған болатын. 1996 және 1999 жылдары фьючерстермен сауда-саттықтар АҚШ долларының теңге бағамына ашылса, 2001 жылы – фьючерстер АҚШ долларының еуро бағамына, 2002 жылы – фьючерстер Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздар кірістілігіне, 2008 жылы – жеткізуші фьючерстер құймалардағы таза алтынға ашылды. АҚШ долларының теңге бағамына фьючерстермен сауда-саттық жүргізетін қатысушылардың уақыт өте келе туындайтын 1999 жылдан бастап, 2004 жылдар аралығындағы белсенділігіне қарамастан, туынды құралдар нарығы өз қызметін тоқтатты.

Өткен жылдардың тәжірибесін ескере отырып, 2010 жылы мерзімдік нарықты іске қосу туралы шешім толыққанды және халықаралық стандарттарға сай келетін тәуекелдерді басқару жүйесі құрылады деген шартпен ғана қабылданды. Бұл бағыттағы нормативтік актілерді құру қызметі, техникалық және маркетингтік қызмет 2010 жылдың 30 наурызында Биржалық кеңес Мерзімдік келісімшарттар нарығын дамыту іс-шараларының жоспары мен сауда-саттықтарды ұйымдастыру және KASE мерзімдік нарығында олар бойынша есеп айырысулар жүргізу концепциясы бекітілгеннен кейін басталды.

Жоғарыда аталған құжаттармен туынды құралдар нарығында тәуекел-менеджмент жүйесінің төмендегідей элементтері белгіленді:

- Қатысушының шотында қаражаттың жеткілікті болуына байланысты позициялар ашуға және бағаларды өзгертуге лимиттер жүйесі;
- бағалардың өзгеру тәуекелдерін жабуға арналған маржалау жүйесі;
- Бір немесе бірнеше қатысушы дефолт болған жағдайда мәмілелер бойынша уақытылы клирингті қамтамасыз етуге арналған Кепілдік және Сақтық қорлар.

Сипатталған элементтер туынды құралдардың дамыған нарығында тәуекелдерді басқару бойынша стандартты құралдар болып табылып, Биржа тәжірибесінде алғаш рет қолданылды.

Биржаның жоспарына сәйкес мерзімдік келісімшарттармен мәмілелер жасасу регламенті мен Биржаның мерзімдік нарықта жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру тәртібін айқындаған Мерзімдік келісімшарттардың биржалық сауда ережелері мен Мерзімдік нарықта клирингтік қызметпен айналысу ережелері дайындалды.

Мерзімдік нарықтың Кепілдік және Сақтық қорларының құрылу, жұмсалыу және қалпына келу тәртібін белгілеу мақсатында Биржалық кеңес 2010 жылы 25 маусымда бекіткен Кепілдік және Сақтық қорлары туралы ереже құрылды. Бұл Ережеге сәйкес:

- Сақтық қорды Биржа меншікті қаражатының есебінен құрып, бір жолғы жарнаның есебінен, сондай-ақ мерзімдік нарықтағы комиссиялық жарналар сомасынан 15% мөлшеріндегі ай сайынғы жарналардың есебінен толықтырылып отырады;

- Кепілдік қорлары мерзімдік нарық мүшелері белгіленген мөлшерде салған бір жолғы міндетті кепілдік беру жарналарының есебінен мерзімдік келісімшарттардың әр түріне бөлек құрылады.

Аталған құжат түрімен Сақтық және Кепілдік қорларының қаражаты олардың нетто-міндеттемелерін орындау мақсатында Биржаның мерзімдік нарығының бір немесе бірнеше мүшелері пәрменсіз болған жағдайда ғана жұмсалатыны айқындалған. Нетто-міндеттемелері бойынша қор қаражаты жұмсалған мерзімдік нарық мүшелерінің әрқайсысы жұмсалған қаражатты келесі тәртіппен қалпына келтіруге міндетті: Сақтық қордың қаражаты; Биржаның адал мүшелерінің кепілдік беру жарналары; Биржаның пәрменсіз мүшесінің кепілдік беру жарнасы.

ҚҚА мерзімдік келісімшарттармен биржалық сауда жүргізу тәртібі 2010 жылғы 19 шілдеде, Клирингтік қызметті шұғыл нарықта жүзеге асыру ережесі 14 қазанда, Сақтық және Кепілдік қорлары туралы ережесі 17 қыркүйекте келісілген. Барлық құжаттар 2010 жылдың 20 қазанында қолданыс күшіне енгізіліп, Мерзімдік келісімшарттар бойынша биржалық сауда жүргізу ережесі мен бұған дейін қолданыста болған фьючерстер спецификацияларын алмастырды.

2010 жылы 09 қарашада мерзімдік нарық құралдары бойынша сауда-саттықтар мен клиринг жүргізу тәртібі белгіленген Сауда-саттық регламенті және Куәландыру жүйесінің жұмысына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді. Биржа Басқармасының 2010 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен жаңа ішкі құжаттар “Фьючерстің АҚШ долларының теңгеге бағамына маманданымы” және “Фьючерстің KASE индексіне маманданымы” бекітілді.

Мұның үстіне, 2010 жылы мерзімдік нарық құралдарын танымал етуге және олардың тартымдылығын арттыруға бағытталған бірқатар маркетингтік және PR іс-шаралары жүргізілді.

2010 жылдың 08–22 қыркүйегінде Биржа мүшелеріне мерзімдік келісімшарттарды сату бойынша көрсету ойыны өткізілді. Ойын қатысушыларының АҚШ доллары бағамы мен KASE Индексіне жеткізілмейтін фьючерстермен операциялар жүргізу мүмкіншілігі болды. Бұл іс-шара қатысушыларға СЖ туынды қаржы құралдарымен жұмыс істеу мүмкіншіліктерін көрсетуге, сондай-ақ нарықтың осы сегментіндегі бағдарламалық-техникалық кешенге тестілеу жүргізуге мүмкіндік берді.

2010 жылдың 06 желтоқсанында Биржа өзінің жаңа алаңында АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына және “жауынгерлік” режимде KASE Индексінің мәніне фьючерстермен сауда-саттықтарды іске қосты. Валюталық фьючерспен алғашқы мәміле сол күні-ақ жасалса, KASE Индексінің мәніне фьючерспен 13 желтоқсанда жасалды.

Жаңа нарық сегментіндегі төмен белсенділікке қарамастан, Биржа алдағы жылдары мерзімдік нарық құралдарының тартымдылығы бірте-бірте өседі деп үміттенеді. Осы мақсатта маркетингтік іс-шаралар кешенін, оқу семинарлар сериясын өткізу, сонымен қатар нарықтың кәсіпқой қатысушыларына қазіргі уақытта мерзімдік келісімшарттармен Биржада белсенді жұмыс істеуге кедергі келтіретін себептерді жою ісінде реттеуші органдармен жасалып жатқан жұмыстарды бұдан ары да жалғастыру жоспарланып отыр.

Халықаралық ынтымақтастық



Биржаның халықаралық ұйымдармен, шетелдік биржалармен, инвесторлармен арадағы ынтымақтастығы саласындағы белсенді жұмысы есеп беру жылы да өз жалғасын тапты.

2010 жылғы 08 желтоқсанда Стамбул қаласында (Түркия) FEAS 16-Бас ассамблеясы өтті. Бұл жерде Президенттің таныстыруындағы Биржа осы ұйымның Атқарушы комитетінің мүшелігіне қабылданды. Дәл сол уақытта 2011 жылы Алматы қаласында Федерацияның 17-Бас ассамблеясын өткізу туралы шешім қабылданды.


FEAS Атқарушы комитетінің құрамы екі жылда бір рет сайланатын 12 мүшеден тұрады. Биржа басқарушы органның мүшесі бола отырып, Федерацияны дамыту және басқару мәселелеріне белсендірек қатыса алады.

WFE толық мүшесі мәртебесін алу міндетінің шеңберінде 2010 жылғы 26 шілдеде Биржада WFE ынтымақтастық жөніндегі комитет құрылып, Биржа Президенті Қ.Қ. Дамитов комитет төрағасы атанды. Кейін, Биржаның Халықаралық қатынастар бөлімі “KASE операциялық қызметінің WFE қағидаларына сәйкессіздіктердің барлығы анықталып, оларды жою шаралары айқындалған KASE қызметін WFE толық мүшелеріне қойылатын талаптарға сай келуін сараптау” есебін дайындады. Бұл есептің негізінде 2010 жылғы 30 шілдеде Басқарма шешімімен тиісті міндеттер бөлініп, олардың кейінгі екі жылда орындалу мерзімі белгіленген WFE қағидаларының талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша KASE іс-шараларының жоспары бекітілді. Есеп беру жылы жоспардың басым бөлігі орындалды.

2010 жылы Биржа қолданыстағы СЖ жандандыру немесе ауыстыру мәселесіне үлкен мән берді. Осы мақсатта бүкіл есеп беру жылы аралығында Қазақстан аумағында да, шетелдерде де Биржа жұмыскерлері, оның ішінде Биржалық кеңес мүшелері әлемдегі алпауыт биржалармен және биржалық технологиялардың тәуелсіз жеткізушілерімен кездесулер мен келіссөздер өткізді. Дайын сауда жүйесін сатып алу немесе қазақстандық нарыққа арнайы бейімделген бағдарлама кешенін дайындауға тапсырыс беру мүмкіншіліктері бағаланды. Осы мәселе бойынша соңғы шешім 2011 жылы қабылданатын болады.

2010 жылдың шілде айында осы есептің “Өтімділікті арттыру” бөлімінде сипатталған EBRD – Kazakhstan Stock Exchange Capacity Building Project консалтингтік жобасы жүзеге асырыла бастады.

KASE тарихында алғаш рет Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын ұйымның Биржа мүшелігіне қабылдануы есеп беру жылы орын алғаны маңызды оқиға болды. Биржалық кеңестің 2010 жылғы 30 қарашадағы шешімімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен ҚҚА келісілгеннен кейін “Промсвязьбанк” ААҚ (Мәскеу) Биржаның валюталық нарығына мүшелікке қабылданды.



Корпоративтік басқару



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІН ҚҰРУ

“Қор биржасында тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқауларды бекіту туралы” ҚҚА Басқармасының 2009 жылғы 30 қарашадағы № 244 қаулысымен 2010 жылдың бірінші тоқсанында Биржада ішкі тәуекел-менеджмент жүйесін құру қажеттілігі реттеулі түрде бекітілді.

Осы мақсатта 2010 жылғы 01 наурызда Биржа құрылымында Биржадағы барлық корпоративтік тәуекелдерге мониторинг және бақылау жүргізу міндеті жүктелген Тәуекелдерді басқару қызметі (ТБҚ) құрылды. 2010 жылы 30 наурызда Биржалық кеңестің шешімімен, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, қағидалары мен компоненттерін, сондай-ақ тәуекел-менеджмент үдерісінің механизмдерін, құралдарын, қатысушыларының өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындаған “Қазақстан қор биржасы” АҚ тәуекелдерін басқару саясаты” деп аталатын жаңа ішкі құжат бекітілді.

2010 жыл ішінде ТБҚ Биржа бөлімшелерінен орын алған тәуекел жағдайлары туралы мәліметтердің шұғыл және ай сайын жиналып отырылуын ұйымдастырды. Мұндай жұмыстың нәтижесі бойынша Биржа басшылығына орын алған тәуекел жағдайлары туралы шұғыл және жүйелі есептілік ұсынылып отырды. Бұдан басқа, жиналған деректердің негізінде тәуекел жағдайларының салдары мен орын алу жиілігін азайту шаралары қолға алынды.

Реттеу талаптарына сәйкес ТБҚ тоқсан сайын Биржаның инвестициялық портфеліне стресс-тестілеу жүргізіп отырды. Мұндай стресс-тестілеу барысында валюта бағамдарының, пайыздық мөлшерлемелер мен қаржы құралдары бағасының өзгеруінен портфельдің кірісі мен құнына келтірілген ықпал анықталып отырды. Бұдан басқа, СЖ тоқсан сайын оның операциялық тәуекелдерге орнықтылығына стресс-тестілеу жүргізіліп отырды. Бұл тестілердің нәтижелері уәкілетті ұйымға жіберіліп отырды.

2010 жылдың IV тоқсанында ТБҚ Биржа мамандарымен бірлесіп, Биржаның корпоративтік тәуекелдерін сәйкестендіріп, сапасын бағалады. Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша Басқарма 2010 жылдың 27 желтоқсанында регистр мен тәуекелдер картасын дайындап, бекітті. Регистр мен тәуекелдер картасы бар тәуекелдерді олардың Биржаның алға қойған мақсаттарына қол жеткізуіне тигізетін ықпалына қарай сұрыптауға мүмкіндік берді. Мұның негізінде 2011 жылы биржаның сындарлы тәуекелдерін басқару іс-шараларының жоспары құрылып, бекітілді.

Бұған қоса, 2010 жылы тәуекелдері аз активтермен – мемлекеттік облигациялар мен шұғыл депозиттермен инвестициялау үшін қол жетімді құралдардың тізімін шектеген ішкі құжат “Қазақстан қор биржасы” АҚ меншікті активтерін инвестициялау тәртібі” қабылданды.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ

2009 жылдың маусым айында құрылған Ішкі аудит қызметі есеп беру жылы өз жұмысын біршама белсендірді. Аталмыш қызмет KASE негізгі қызмет салаларына, я болмаса тәуекелдері анағұрлым жоғары салаларға 12 аудит жүргізді. Атап айтсақ, Есеп палатасының, Сауда департаментінің, Листинг департаментінің операциялық қызметі тексеріліп, жалақы есептеу және төлеу үдерістері зерттелді, операциялық қызметтен түсетін кіріс қарастырылып, сатып алу процедураларына, пруденциалды нормативтердің орындалуына жүргізілетін бақылауға және KASE қызметінің басқа да салаларына аудит жүргізілді.

Бұған қоса, 2010 жылғы 30 желтоқсанда Биржалық кеңестің шешімімен Биржалық кеңестің Аудит жөніндегі комитетінің мәртебесін, құзырын, құрамын, жұмыс тәртібі мен функцияларын, отырыстарын шақыру және өткізу процедурасын, шешімдердің рәсімделуін, сонымен қатар мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындаған ішкі құжат “Аудит жөніндегі комитет туралы ереже” бекітілгенін айтып өту керек.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2010 жылы Биржа 5301 бірлік хат-хабар алып, 2181 бірлік шығыс хат-хабар жіберді. Есеп беру жылы аралығында Басқарма 492 шешім қабылдап, Биржалық кеңестің 20 ашық және 7 сырттай отырысы өткізілді.

2010 жылдың қаржылық қорытындылары⁸

КАПИТАЛ

2010 жылғы 28 қазанда Биржалық кеңес Биржаны қосымша капиталдандыру туралы шешім қабылдады. Мұндай қажеттілік бірнеше себептермен түсіндірілді.

2011 жылдың басында АЕК өзгеретіндігі туралы болжам орындалған жағдайда Биржаның жарғылық капиталының мөлшері ҚҚА талаптарына сай келмеуіне әкелуі мүмкін еді. Оның үстіне, меншікті капиталдың ұлғаюы Биржа К₁ мен К₂ пруденциалды нормативтерін орындау үшін "беріктілік қорын" құрды.

Биржалық кеңес жеке ғимараттың болуы, мерзімдік нарықта Биржаның сақтық қорларын құру жөнінде қабылдаған шешімдерге сәйкес және Т+3 схемасы бойынша есеп айырысулар жүргізу үшін, Биржаның тоқтаусыз операциялық қызметінің қамтамасыз етілуіне, сондай-ақ негізгі құралдарды жаңартуға және сақтық орталық ғимаратының құрылысын аяқтауға резерв құру үшін қосымша күрделі шығын қажет болды.

Биржада 2010 жыл бойы стратегиялық серіктестің KASE капиталына кіруімен және кірмеуімен шетелдік биржадан (сауда жүйесі және/немесе клиринг) ИТ-шешім сатып алу жобасы қарастырылып келді. Бұл ретте, 2010–2011 жж. қосымша капиталдандыруға мұқтаждық сценарийін Биржа 309 млн теңгеден бастап, 456 млн теңгеге дейін аралықта қарастырды.

Биржалық кеңес капиталдандырудың көптеген нұсқаларын қарастыра келе, бір акцияның құнын 3 707 теңгеге белгілеп, 85 000 жай акцияны орналастыру арқылы KASE жарғылық капиталын 315,1 млн теңгеге ұлғайту туралы шешім қабылдады. 2010 жылы 213,7 млн теңге сомаға 57 650 жай акция (бастапқыда жоспарланған санының 67,8%) орналастырылып, нәтижесінде акционерлік капитал 108,9% немесе 406,2 млн теңгеге ұлғайды⁹.

Сонымен бірге, 2009 жылдың қорытындысы бойынша акционерлерге 143,1 млн теңге мөлшерінде дивидендтер төленді. Үлестірілмеген пайданың 170 млн теңгесі мерзімдік нарықта Сақтық қор құру мақсатына жұмсалды. Нәтижесінде, 2009 жылмен салыстырғанда үлестірілмеген пайданың қорытынды көлемі өзгере қоймады (-0,5%). Меншікті капиталдың 372,3 млн теңгеге (+21,7%) 2 089,6 млн теңгеге дейін артуы акционерлік капиталдың өсуімен, сондай-ақ есеп беру жылының қорытындысы бойынша пайданың алынуымен түсіндіріледі.

АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Биржаның жиынтық активтері 2 221,2 млн теңгені құрап, бір жылдың ішінде 412,5 млн теңгеге (+22,8%) өскен. Акционерлік капиталдың көбеюі нәтижесінде алынған пайда

⁸ Егер өзгеше көрсетілмесе, осы тарауда KASE тобының 2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігінің деректері келтіріледі.

⁹ Акционерлер құрамының өзгергендігі туралы деректер Іс жүзіндегі материал кітабында келтіріледі.

мен қаражатты Биржа ЕДБ депозиттер мен корреспонденттік шоттарға орналастырып отырды. Ақша қаражаты мен олардың баламалары бір жылдың ішінде 39,3%, 360,0 млн теңгеге (барлық активтердің 16,2%) дейін, ЕДБ депозиттер мен корреспонденттік шоттарға орналастырылған салымдар 65,2% 1 071,8 млн теңгеге дейін (барлық активтердің 48,2%) өсті.

Жоғарыда атап өтілгендей, 2010 жылы 30 наурызда Биржаның ақша қаражатын инвестициялаудың анағұрлым консервативтік стратегиясын айқындаған KASE меншікті активтерін инвестициялаудың жаңа тәртібі қабылданды. Бұдан басқа, есеп беру жылы аралығында Биржа МEBҚ нарығында бірқатар операцияларды жүргізіп, нәтижесінде, Биржаның инвестициялық портфеліндегі корпоративтік бағалы қағаздардың саны екі есеге қысқарып, “өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар” бабы бойынша сальдо 60,3% 205,6 млн теңгеге азайды, ал ЕДБ депозиттеріне орналастырылған қаражат көлемі 65,2%-ға артты.

Ағымдағы кіріспен қатар, акционерлік капитал мен үлестірілмеген кіріс қызметті қаржыландырудың негізгі көздері болды. Биржа қосымша қарыз қаражатын алмады, мұның нәтижесінде, Биржаның пассивтердегі міндеттемелерінің үлесі төмен болып қалды – 5,9% (2009 жылы – 5,0%). Қаржылық левередж көрсеткіші 1,06x құраса, debt-to-equity көрсеткіші 0,007x аспады.


КІРІС

Мүшелік жарналар бойынша кіріс

Биржа брокерлік-дилерлік ұйымдар санының азаюы мен нарықтағы кәсіпқой қатысушылардың нығаюы мүмкін екендігін болжай келе, 2010 жылы мүшелік жарна көлемін 6,5% 199,7 млн теңгеге дейін төмендетуді жоспарлап қойды. Алайда, мүшелік жарна бойынша іс жүзіндегі кіріс 251,8 млн теңгені құрап, болжамды көрсеткіштен 26,1% және өткен жылғы көрсеткіштен 17,9% асырылды. Осы кіріс бабының Биржаның жиынтық кірісіндегі үлесі 17,3 пайыздан 24,0 пайызға өсті (8-сур.).

8-сурет

2010 ЖӘНЕ 2009 ЖЫЛДАРЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН БИРЖА КІРІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Мұндағы маңызды оқиға Биржа мүшелігіне “валюталық нарықтың мүшесі” санаты бойынша жаңа үш компанияның – Еуропаның даму банкі, “Астана-Финанс” Банкі АҚ, “Промсвязьбанк” ААҚ кіруі болды. Осының арқасында мүшелікке кіру жарнасының мөлшері 31,8 млн теңгеге жетті. Ал, Биржа болса, жаңа мүшелердің пайда болуын өз бюджетінде жоспарламаған болатын.

Биржаның “қор нарығының мүшесі” санаты бойынша мүшелерінің саны 2010 жылы 80-нен 75-ке азайған. Ал, Биржаның қор нарығы мүшелерінің арасынан сегіз ұйым шығарылды. Олардың үшеуі – ҚҚА лицензиялардан айрылуына байланысты болса, бесеуі – лицензияларын уәкілетті органға ерікті түрде өткізуіне және/немесе Биржадағы мүшеліктен ерікті түрде бас тартуына байланысты. Брокерлік-дилерлік корпустың тарылуы Қазақстан қор нарығындағы белсенділік пен өтімділіктің азаюының салдары болды. Бұл фактор мерзімдік мүшелік жарна мөлшеріне кері ықпалын тигізбей қоймады, алайда оның орны айлық есептік көрсеткіш мәнінің 11%-ға артуының арқасында

толтырылды. Нәтижесінде, ай сайынғы мүшелік жарна көлемі бір жыл ішінде 9,6% 220,0 млн теңгеге дейін өсіп, жоспарлы көрсеткіштен 10,2%-ға асып түсті.

Листингілік алымдар бойынша кіріс

2009 жылы ашық нарықта айналмай, облигационерлер қосымша өтімділікті тарту үшін құрал ретінде пайдаланған бірнеше ірі облигациялар шығарылымының листингі нәтижесінде рекордтық жоғары кіріс алынған тұста Биржа 2010 жылы листингілік алымдар көлемінің 19,2% 315,3 млн теңгеге дейін азаяды деген болжам жасады. Алайда кірісі белгіленген сапасы жоғары құралдар сұранысқа ие болып тұрған тұста есеп беру жылының екінші жартысында Биржада “Қазақстанның даму банкі” АҚ, “ҚазМұнайГаз” Ұлттық Компаниясы” АҚ, “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ және “Қазатомпром” Ұлттық атом компаниясы” АҚ борыштық қағаздары листинг процедурасынан өтті. Аталған облигациялар шығарылымы листингінен кіріс листингілік алымдардың жалпы көлемі 30 млн теңгеден асты.


Нәтижесінде, 2010 жылы Биржа листингілік алымдар бойынша жоспарды 14,3%-ға артық орындады. Кіріс алымдарының мөлшері 162,1 млн теңгені (26,8% артық орындау), жыл сайынғы алымдар 198,4 млн теңгені (5,8% артық орындау) құрады. Биржаның жиынтық кірісіндегі бұл кіріс бабының үлесі 31,6 пайыздан 34,4 пайызға өсті (8-сур.). Алдыңғы жылмен салыстырғанда листингілік алымдар көлемі 7,7%-ға азайып, 2008 жылмен салыстырғанда 33,0%-ға өсті.

Комиссиялық алымдар бойынша кіріс

2010 жылы комиссиялық алымдар бойынша кіріс мөлшері 229,3 млн теңгені құрап, оның 58,0 млн теңгесі МЕМБҚ нарығынан, 153,1 млн теңгесі МБҚ нарығынан, 11,1 млн теңгесі репо операциялары нарығынан алынды (9-сур.). Қазақстанның қаржы нарығының көптеген секторларындағы белсенділік төмендеп жатқан тұста комиссиялық алымдардың қорытынды көрсеткіші болжанып отырғаннан 35,9% төмен және 2009 жылғы іс жүзіндегі көрсеткіштен екі есе артық болды.

9-сурет

БИРЖАНЫҢ 2010 ЖӘНЕ 2009 ЖЫЛДАРДАҒЫ КОМИССИЯЛЫҚ АЛЫМДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Инвестициялардың үлестік құралдар нарығынан активтердің басқа класстарына немесе шетелдік қор алаңдарына кетуінің нәтижесінде акциялармен жүргізілетін сауда-саттық көлемі талданып отырған кезеңде 56% төмендесе, осы нарықтан алынатын комиссиялық алымдар бойынша кіріс 67,1% 17,1 млн теңгеге дейін¹⁰ азайды.

Биржа нарығының бұл сегментінде жоғары несиелік тәуекелдер сақталып отырғандықтан, корпоративтік облигациялар нарығындағы комиссиялық алымдардың көлемі 49,0% 40,9 млн теңгеге дейін азайды. 2010 жылы біршама тұрақтылық орнағанына қарамастан, инвесторлардың екінші және үшінші “эшелондағы” компаниялардың борыштық құралдарына деген сенімі өспеді. Бірқатар жоғары сапалы эмитенттердің облигациялар листингі корпоративтік

¹⁰ Бұл көрсеткіштер динамикасындағы дисбаланс 2010 жылы жүргізілген және Биржа кіріс алған ірі мәмілемен байланысты. Тараптар бұл мәмілені өткізбей тұрып, өткен 12 айда жасалатын мәмілелердің негізінде есептелген жыл сайынғы бір жолғы комиссиялық алымды көздейтін комиссиялық алымдардың бекітілген әдіспен төленуіне көшті. Бейақталды болуына және Биржаның коммерциялық мәртебесіне сәйкес келмеуіне байланысты бекітілген төлеу әдісі Биржалық кеңестің 2010 жылғы 28 қазандағы шешімімен күшін жойды.

борыш нарығында сауда-саттық көлемі мен комиссиялық алымдардың өсуіне әкелмеді. Өйткені қатысушылардың көпшілігі бұл құралдарға олар өтелгенге дейін инвестициялаған.

МБҚ нарығында комиссиялық алымдар көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 10,1 млн теңгеден (+7,1%) 153,1 млн теңгеге дейін өсті. Бұл – мемлекеттік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемінің 6,8%-ға артуының нәтижесі. Биржа нарығының бұл сегментіндегі операциялардың көлемі мен санының өскендігі тәуекелі жоқ құралдарға деген жоғары сұраныспен, сондай-ақ МЕКАМ шығару арқылы мемлекеттік бюджет тапшылығын белсенді қаржыландырған Қаржы министрлігінің эмиссиялық белсенділігімен түсіндіріледі.

Экономиканың төмен қарқынмен несиеленуі мен ЕДБ қысқа мерзімді өтімділіктің артық болуы Қазақстанның ақша нарығындағы мөлшерлемелердің біршама төмендеуіне әкелді. TONIA индикаторы жыл бойы дерлік жылдық 0,5%-дан аспады, ал үш айлық KazPrime индикаторы жылдық 1,7–2,7% аралығында өзгерді. 2010 жылдың қарашасына дейін Биржаның комиссиялық алым мөлшері репо операциялары бойынша жүргізілетін операциялар мөлшерлемелерінің шамасына тікелей байланысты болғандықтан, биржа нарығының бұл сегментіндегі кіріс 15 есеге 11,1 млн теңгеге дейін қысқарды¹¹.

Қараша айында Биржаның “Мүшелік жарналар мен биржалық алымдар туралы ереже” атты ішкі құжатына Биржаның ақша нарығындағы мөлшерлемелерге тәуелділігі жойылған өзгерістер енгізілді. Мұндай өзгерістердің нәтижесінде Биржа репо операциялары нарығынан (2010 жылы репо операциялары нарығынан алынған комиссиялық алымдардың жалпы мөлшерінің 62,5%) қосымша 7 млн теңге мөлшерінде комиссиялық алымдар алса, 2011 жылы жаңа енгізілімнен шамамен 53 млн теңге кіріс түседі деп болжанып отыр.

Биржалық сауда-саттықтар туралы мәлімет ұсыну бойынша кіріс

Есеп беру жылы Биржа Thomson Reuters және Bloomberg халықаралық агенттіктерімен бірге KASE тарихында алғаш рет ақылы негізде ақпаратты нақ осы уақыт режимінде тарату туралы лицензиялық шарттар жасасты. Нәтижесінде, 2010 жылы нақ осы уақытта ұсынылған ақпараттың арқасында 28,1 млн теңге (148,9 мың еуро) мөлшерінде кіріс алынса, оның 56% жуығы (83,3 мың еуро) лицензиялық алымдардың, 44% жуығы (65,5 мың еуро) соңғы пайдаланушылардың төлемдерінің еншісіне келді.

KASE ақпараттық қызметтерден келтірілген кіріс үлесі 2010 жылы 9,9% (2009 жылы – 5,7%)¹² құрады (8-сур.). 2011 жылы лицензиялық шарттарды өзге ақпарат таратушылармен жасасу жоспарланып отыр. Бұл кірістің одан өрі өсуіне әкелетін болады.

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Биржаның сауда-саттықтары туралы ақпаратты 267 жеке және заңды тұлға пайдаланса, олардың 245-ші ақпаратты Bloomberg мен Thomson Reuters терминалдары арқылы пайдаланған, ал 22-сі Биржа веб-сайтының тікелей пайдаланушылары болған. Түпкі пайдаланушылардың басым бөлігі АҚШ пен Ұлыбританияда негізделген.

ШЫҒЫН

Есеп беру жылы Биржа менеджменті операциялық шығындарды бұрынғы деңгейінде ұстап қала алды. Бұл көрсеткіштің мәні 777,3 млн теңгені құраса, өсімі 2,2% аспады.


Сауда инфрақұрылымының жандандырылуына байланысты, сондай-ақ Биржаны дамытуға бағытталған жобалар санының өсуіне байланысты мамандар штаты біршама кеңейтіліп, бұл жалақы шығындары мен еңбек демалыстары бойынша резервтердің 25% өсуіне әкелді (10-сур.).

Бұдан басқа, 2009 жылы Биржа басшылығы жалға берушілермен келісімге келді. Бұл келісімнің нәтижесінде есеп беру жылы Биржа қызметкерлері отыратын жайдың жал төлемінің құны 42%-ға азайтылды. Бұл шығын бабының үлесі Биржаның жалпы шығынында 22 пайыздан 14 пайызға төмендеді.

¹¹ Мұнымен қоса, 2009 жылы Биржаның репо операциялары нарығында күші жойылған және/немесе орындалмаған репо операцияларын жабу мәмілелерінен 101,4 млн теңге мөлшерінде ауытқыма пайда алғандығын ескеру қажет.

¹² Биржаның осы есепте келтіріліп отырған аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігінде аталған баппен KASE тобының ақпараттық қызметтері ғана емес, бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуден түскен кіріс те ескеріледі.

БИРЖАНЫҢ 2010 ЖӘНЕ 2009 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

“Делойт” ЖШС растаған шоғырландырылған қаржы есептілігіне қарағанда, KASE тобының қаржылық қызметінің қорытындысы жоспарланған көрсеткіштен екі есе артық 305,1 млн теңге мөлшеріндегі таза пайда болып табылады. Өткен жылмен салыстырғанда Биржаның таза пайдасының абсолютті мәні 17,5% немесе 64,6 млн теңгеге азайған.

“Қазақстан қор биржасы” АҚ 2007–2010 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес, есеп беру жылы ROE мақсатты көрсеткіші 5,88% мөлшерінде, ROA мақсатты көрсеткіші 5,83% мөлшерінде белгіленген.

2010 жылы Биржа операциялық тиімділіктің салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізе алды. Активтер айналымының көрсеткіші 56,9% деңгейінде, таза маржа көрсеткіші 26,6% деңгейінде ұсталып тұрды. Мұның нәтижесінде ROA мен ROE көрсеткіштері 15,1% және 15,9%-ға жетіп, стратегия дағдарыс ықпалын ескермесе де, мақсатты стратегиялық көрсеткіштерден екі еседен жоғары асқан.



Қаржылық есеп беру

“ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ” АҚ

Басшылықтың 2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігін дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі.

Басшылық “Қазақстан қор биржасы” Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – “Компания”) мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – “Топ”) 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша елеулі деген барлық аспектілер бойынша қаржылық хал-ахуалын, сонымен қатар осы күні аяқталған жыл үшін қызмет нәтижесін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерді нақты көрсететін шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігінің Қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес дайындалуы үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі дайындалған уақытта басшылық:

- есепке алу саясатының қағидаттарын лайықты таңдалынуы мен қолданылуын қамтамасыз ету;
- есепке алу саясаты туралы ақпаратты, соның ішінде деректердің, мұндай ақпараттың орындылығын, растығын, сәйкестігін және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынылуы;
- ҚЕХС талаптарын орындау пайдаланушы қандай да бір мәміленің, сондай-ақ өзге оқиғалардың немесе жағдайлардың Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен қызметінің қаржы нәтижелеріне тигізетін әсерін түсіну үшін жеткіліксіз болған жағдайда қосымша мәліметтің ашылуы және;
- Топтың өз қызметін алдағы болашақта жалғастыра алу қабілетіне баға беру үшін жауап береді.

Мұнымен қоса басшылық:

- Топтың барлық кәсіпорындарына арналған тиімді әрі сенімді ішкі бақылау жүйесінің әзірленуі, оның енгізілуі және қолданылуы;
- кез келген уақытта Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен дайындауға және шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігінің ҚЕХС талаптарына сай келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілуі;
- топ активтерінің сақталуын қамтамасыз етуде барлық орынды іс-шаралардың қолға алынуы;
- қаржылық және өзге де теріс пайдаланушылық деректерін анықтау және олардың алдын алу үшін жауап береді.

Топтың 2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігін басшылық 2011 жылдың 29 сәуірінде бекіткен.

Басшылық атынан:

Қ.Қ. Дамитов
Президент

29 сәуір 2011 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Л.А. Рябушкина
Бас бухгалтер

29 сәуір 2011 жыл

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

“Қазақстан қор биржасы” АҚ Директорлар кеңесі мен акционерлеріне:

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі бойынша есеп

Біз “Қазақстан қор биржасы” Акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарына (бұдан әрі – “Топ”) 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық әл-ауқаты жөнінде есептен, пайда мен зияндар туралы есептен, өз капиталындағы өзгерістер туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептен, есеп саясатының негізгі қағидаттарының қысқаша сипаттамаларынан және басқа да түсіндіру ескертпелерінен тұратын қаржылық есеп берушілігінің аудитін жүргіздік.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігін дайындаудағы басшылықтың жауапкершілігі

Берілген қаржылық есеп берушілігінің Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен нақты тапсырылуына жауапкершілікті Компания басшылығы көтереді. Бұл жауапкершілікке мыналар кіреді: қаржылық есеп берушілігін даярлаумен және әділ тапсырумен байланысты болатын ішкі бақылау жүйесін жасау, енгізу және қолдау; тиісті есеп саясатының таңдалуы мен қолданылуы; есеп айырысуды бағалаудың негізділігі. Ішкі бақылау жүйесінде алаяқтық іс-әрекеттің немесе қателіктердің кесірінен болатын елеулі бұрмалаушылықтар орын алмауы тиіс.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз берілген қаржылық есеп берушілігіне жүргізген аудиттің негізінде пікір білдіруімізден көрінеді. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар бізді этикалық нормаларды ұстануға, сондай-ақ қаржылық есеп берушілігінде елеулі бұрмалаушылықтардың жоқ екеніне сенімді ететіндей болып аудитті жоспарлауға және жүргізуге міндеттейді.

Аудитке қаржылық есеп берушілігіндегі сомалар және ақпаратты ашу бойынша аудиторлық дәлелдемелерді алуға бағытталған рәсімдер кіреді. Таңдалған рәсімдер біздің талқылауымыздың мәні болып табылады, ол қаржылық есеп берушілігіндегі алаяқтық іс-әрекет пен қателіктерден туындаған елеулі бұрмалаушылықтардың болу қаупін бағалауға негізделген. Мұндай бағалау кезінде аудитор мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдер жасау мақсатында қаржылық есеп берушілігінің дайындалуымен және нақты тапсырылуымен байланысты болатын ішкі бағалау жүйесін қарастырады, бұл жерде оның мақсатына ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру жатпайды. Сонымен қатар, аудитке қолданылатын есеп саясатының қолайлылығын бағалау және басшылықпен жасалған есеп айырысу бағасының негізділігін бағалау кіреді, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі туралы жалпылама бағалау да кіреді.

Біздің ойымызша, аудит барысында алынған дәлелдемелер қаржылық есеп берушілігі туралы пікір білдіруімізге жеткілікті және тиісті дәрежеде болып табылады.

Пікір

Біздің ойымызша, осы қаржылық есеп берушілік Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына сәйкес келеді және Компанияның 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы туралы, сонымен қатар, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша оның қаржылық қызметінің нәтижелері мен ақшалай қаражатының қозғалысы туралы шынайы және дұрыс мағлұмат береді.

Басқа мәселелер

Топтың 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне аудитті осы есептілік жөнінде 2010 жылғы 31 наурызда өзінің оң пікірін білдірген басқа аудитор жүргізді.

Эндрю Виск
Тапсырма бойынша серіктес
Дипломдалған бухгалтер
№ 78586 Қоғамдық тәжірибе сертификаты
Аустралия

“Делойт” ЖШС
Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға рұқсат беретін
№ 0000015 мемлекеттік лицензия,
сериясы МФЮ-2,
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

Нұрлан Бекенов
Тапсырма бойынша серіктес
Қазақстан Республикасының білікті аудитори
№ 0082 Біліктілік сертификаты
“Делойт” ЖШС
Бас директоры

2011 жылғы 29 сәуір
Алматы қ., Қазақстан

“ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ” АҚ

2010 Жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп берушілік (мың теңгемен)

| | Ескертулер | 2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл | 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл |
|--|------------|--|--|
| Қызмет көрсетуден келтірілген кіріс пен алынған комиссиялар | 4, 19 | 994,939 | 1,196,993 |
| Пайыздық кіріс | 6 | 106,273 | 83,061 |
| Пайыздар есептелетін активтердің құнсыздануына құрылған резерв және басқа операциялар | 5 | (2,194) | (75,730) |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнымен көрсетілетін қаржы активтері бойынша таза пайда | | – | 8,085 |
| Шетелдік валютамен жүргізілген операциялар бойынша келтірілген таза (шығын)/пайда | | (169) | 1,864 |
| Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар бойынша таза шығын | 13 | (1,864) | (6,523) |
| Қауымдасқан ұйымның пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі | | 35,247 | (47,090) |
| Басқа кіріс | 19 | 15,012 | 92,316 |
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІС | | 1,147,244 | 1,252,976 |
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫС | 7, 19 | (777,349) | (760,885) |
| САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА | | 369,895 | 492,091 |
| Пайдаға салынатын салық шығысы | 8 | (64,820) | (122,421) |
| ТАЗА ПАЙДА | | 305,075 | 369,670 |
| БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН | | | |
| Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша қалыптаспаған шығын | | (1,488) | (7,757) |
| ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ | | 303,587 | 361,913 |

Басшылық атынан:

Қ.Қ. Дамитов
Президент

29 сәуір 2011 жыл

Л.А. Рябушкина
Бас бухгалтер

29 сәуір 2011 жыл

“ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ” АҚ

2010 Жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп берушілік (мың теңгемен)

| | Ескертулер | 2010 жылғы 31 желтоқсан | 2009 жылғы 31 желтоқсан |
|--|------------|----------------------------|----------------------------|
| АКТИВТЕР: | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 10, 19 | 359,401 | 257,909 |
| Қолданысы шектеулі ақша қаражаты | | 30,776 | 1,504 |
| Банктердегі қаражат | 11 | 1,071,777 | 648,641 |
| Сату үшін қолда бар инвестициялар | 12 | 30,834 | 27,814 |
| Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар | 13 | 205,595 | 518,392 |
| Қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар | | 126,560 | 35,053 |
| Төленген аванстар | 19 | 78,261 | 38,399 |
| Негізгі құралдар | 14 | 198,440 | 221,206 |
| Материалдық емес активтер | | 3,278 | 3,576 |
| Пайдаға салынатын ағымдағы салық бойынша талаптар | | 55,984 | - |
| Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық бойынша талаптар | 8 | 659 | 612 |
| Басқа активтер | 15, 19 | 59,573 | 55,484 |
| АКТИВТЕР ЖИЫНЫ | | 2,221,138 | 1,808,590 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ | | | |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР: | | | |
| Қолданысы шектеулі ақша қаражаты бойынша биржа мүшелерінің алдындағы міндеттемелер | | 30,776 | 1,504 |
| Алынған аванстар | 19 | 48,567 | 31,762 |
| Пайдаға салынатын ағымдағы салық бойынша міндеттемелер | | 2,054 | 12,075 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 8 | 14,488 | 14,947 |
| Басқа міндеттемелер | 16, 19 | 35,617 | 30,994 |
| Міндеттемелер жиыны | | 131,502 | 91,282 |
| КАПИТАЛ: | | | |
| Акционерлік капитал | 17 | 406,244 | 194,418 |
| Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қоры | | (2,060) | (572) |
| Басқа қорлар | | 170,000 | - |
| Үлестірілмеген пайда | | 1,515,452 | 1,523,462 |
| Капитал жиыны | | 2,089,636 | 1,717,308 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ | | 2,221,138 | 1,808,590 |

Басшылық атынан:

Қ.Қ. Дамитов
Президент

29 сәуір 2011 жыл

Л.А. Рябушкина
Бас бухгалтер

29 сәуір 2011 жыл

“ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ” АҚ

2010 Жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп берушілік (мың теңгемен)

| | Акционерлік капитал | Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қоры | Басқа қорлар | Үлестірілмеген пайда | Бақыланбайтын қатысу үлестері | Капитал барлығы |
|--|---------------------|--|--------------|----------------------|-------------------------------|-----------------|
| 2008 жылдың 31 желтоқсаны | 165,020 | 7,185 | – | 1,159,251 | 15,169 | 1,346,625 |
| Басқа жиынтық шығын | – | (7,757) | – | – | – | (7,757) |
| Бір жылғы таза пайда | – | – | – | 369,670 | – | 369,670 |
| Бір жылғы жиынтық (шығын)/кіріс жиыны | – | (7,757) | – | 369,670 | – | 361,913 |
| Жай акциялардың шығарылымы | 29,398 | – | – | – | – | 29,398 |
| Бақыланбайтын иеленетін үлестің көбеюі | – | – | – | (5,459) | (13,528) | (18,987) |
| Бақыланбайтын иеленетін үлестің азаюы | – | – | – | – | (1,115) | (1,115) |
| Еншілес ұйымдардың дивидендтері | – | – | – | – | (526) | (526) |
| 2009 жылдың 31 желтоқсаны | 194,418 | (572) | – | 1,523,462 | – | 1,717,308 |
| Басқа жиынтық шығын | – | (1,488) | – | – | – | (1,488) |
| Бір жылғы таза пайда | – | – | – | 305,075 | – | 305,075 |
| Бір жылғы жиынтық (шығын)/кіріс | – | (1,488) | – | 305,075 | – | 303,587 |
| Жай акциялар шығарылымы | 211,826 | – | – | – | – | 211,826 |
| Жарияланған дивидендтер | – | – | – | (143,085) | – | (143,085) |
| Басқа қорлардың ұлғаюы | – | – | 170,000 | (170,000) | – | – |
| 2010 жылдың 31 желтоқсаны | 406,244 | (2,060) | 170,000 | 1,515,452 | – | 2,089,636 |

Басшылық атынан:

Қ.Қ. Дамитов
Президент

29 сәуір 2011 жыл

Л.А. Рябушкина
Бас бухгалтер

29 сәуір 2011 жыл

“ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ” АҚ

2010 Жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп берушілік (мың теңгемен)

| | Ескертулер | 2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл | 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл |
|---|------------|--|--|
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ: | | | |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | | 369,895 | 492,091 |
| Ақшалай емес баптарға енгізілген түзетпелер | | | |
| Активтердің құнсыздануынан құрылған резерв | | 2,194 | 75,730 |
| Негізгі құрал нысандарының шығуынан келтірілген шығын | | 790 | 1,863 |
| Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялардың шығарылуынан келтірілген шығын | | 1,864 | 6,523 |
| Қауымдасқан ұйымның пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі | | (35,247) | 47,090 |
| Сату үшін қолда бар инвестициялардың әділ құнының таза өзгеруі | | (438) | (12,042) |
| Есептелген пайыздардың таза өзгеруі | | 6,207 | 18,405 |
| Тозу және амортизация | 7 | 36,564 | 36,292 |
| Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының келуі | | 381,829 | 665,952 |
| Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі | | | |
| Операциялық активтердің (ұлғаюу)/азаюу: | | | |
| Қолданысы шектеулі ақша қаражаты | | (29,272) | 3,956 |
| Банктердегі қаражат | | (436,719) | (636,020) |
| Төленген аванстар | | (39,862) | 81,565 |
| Басқа активтер | | (3,592) | 4,156 |
| Операциялық міндеттемелердің (көбеюі)/азаюу | | | |
| Қолданысы шектеулі ақша қаражаты бойынша биржа мүшелерінің алдындағы міндеттемелер | | 29,272 | (3,956) |
| Алынған аванстар | | 16,805 | (10,377) |
| Басқа міндеттемелер | | 4,550 | 10,286 |
| Салық салынғанға дейін операциялық қызметтен ақша қаражатының (жылыстауы)/түсімі | | (76,989) | 115,562 |
| Пайдаға салынатын төленген салық | | (131,331) | (75,901) |
| Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза (жылыстауы)/түсімі | | (208,320) | 39,661 |
| ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ: | | | |
| Негізгі құралдардың сатып алынуы | 14 | (14,290) | (16,269) |
| Негізгі құрал нысандарын сатудан түскен түсім | | – | 516 |
| Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялардың сатып алынуы | | – | (1,212,722) |
| Өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды өтеуден түскен түсім | | 307,709 | 933,262 |
| Өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды сатудан түскен түсім | | 3,839 | – |

“ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ” АҚ

2010 Жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп берушілік (жалғасы)
(мың теңгемен)

| Ескертулер | 2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл | 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл |
|---|--|--|
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнымен көрсетілетін қаржы активтерін сатудан түскен түсім | – | 72,658 |
| Қауымдасқан ұйымдағы инвестицияларды сатып алу | (56,260) | – |
| Еншілес ұйымдарды сатып алу | – | (20,102) |
| Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі/(жылыстауы) | 240,998 | (242,657) |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ: | | |
| Жай акцияларды шығарудан түскен түсімдер | 208,710 | 29,398 |
| Жай акциялар бойынша дивидендтердің төленуі | (139,896) | (526) |
| Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі | 68,814 | 28,872 |
| АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ/(АЗАЮЫ) | 101,492 | (174,124) |
| АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, кезең басында | 10 | 257,909 |
| АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, кезең соңында | 10 | 359,401 |

Топ 2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл аралығында алған пайыздық сыйақының сомасы 100 066 мың теңгені құрады.

Топ 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл аралығында алған пайыздық сыйақының сомасы 64 656 мың теңгені құрады

Топ 2010 жыл аралығында сату үшін қолда бар инвестициялар санатына өтелгенге дейінгі ұсталатын инвестициялар санатындағы 4 070 мың теңге жалпы номиналды құнымен үлестік құралдар ретінде танылған қайта құрылымдау үдерісінен өткен “БТА Банк” АҚ облигацияларын жіктеді.

Басшылық атынан:

Қ.Қ. Дамитов
Президент

29 сәуір 2011 жыл

Л.А. Рябушкина
Бас бухгалтер

29 сәуір 2011 жыл

Глоссарий

| | |
|-----------------------------|---|
| ALT | Алматы уақыты (GMT + 06:00, қыс) |
| CAPMEX | Вена қ. құрылған және The Capital Market Experts капитал нарығындағы қызметтерді дамытуға маманданатын консалтингтік компания |
| CCP | орталық контрагент – жасалатын мәміле тараптары арасында делдал болатын және осы мәмілені орындау міндеттемесін мойнына алатын тұлға (ағылшын тілінің “Central Counterpart” сөзінен шыққан) |
| Debt-to-equity ratio | ұзақ мерзімді қарыздың капиталға ара-қатынасының көрсеткіші |
| DVP | төлемге тұспа-тұс жеткізілім – жасалған мәміле бойынша есеп айырысулар есептік ұйым бақылайтын мәміле қатысушыларының шоттарында қаражат пен мәміле нысаны болған жағдайда ғана жүргізілетін мәмілелерді орындау тәртібі (ағылшын тілінің “Delivery Versus Payment” сөзінен шыққан) |
| EBRD | The European Bank for Reconstruction and Development (Еуропаның қайта құру және даму банкі) |
| EUR | еуро |
| FEAS | The Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (Еуроазияттық биржалар федерациясы) |
| IPO | бастапқы ашық орналастыру (ағылшын тілінің “Initial Public Offering” сөзінен шыққан) |
| ISIN | бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ағылшын тілінің “International Securities Identification Number” сөзінен шыққан) |
| KASE | “Қазақстан қор биржасы” АҚ |
| KASE Индексі | KASE акцияларының нарық индексі |
| KASE тобы | “Қазақстан қор биржасы” АҚ мен оның еншілес ұйымдары – “ИРБИС” Қаржы нарығының ақпараттық агенттігі” ЖШС мен “eTrade.kz” ЖШС |
| KazPrime | қаражатты Қазақстан үшін несие сапасы үздік банктердегі депозиттерге орналастыру мөлшерлемелерінің орташа мәні |
| KIBID | Қазақстандағы банкаралық депозиттерді тартудың индикативтік мөлшерлемелерінің орташа мәні |
| KIBOR | Қазақстандағы банкаралық депозиттерді орналастырудың индикативтік мөлшерлемелерінің орташа мәні |
| KIMEAN | KIBOR мен KIBID арасындағы орташа мән |
| KZT | қазақстандық теңге |

| | |
|-----------------|---|
| ROA | активтердің пайдалылық көрсеткіші (ағылшын тілінің “Return On Assets” сөзінен шыққан) |
| ROE | меншікті капиталдың пайдалылық көрсеткіші (ағылшын тілінің “Return On Equity” сөзінен шыққан) |
| RUB | ресейлік рубль |
| SPO | екінші рет ашық орналастыру (ағылшын тілінің “Secondary Public Offering” сөзінен шыққан) |
| SPT | мәміле жасалған күнінің ертеңіндегі жұмыс күні орындалатын есеп айырысулардың орындалу шарты (ағылшын тілінің “Spot” сөзінен шыққан) |
| T+0 | TOD қар. |
| T+1 | TOM қар. |
| T+2 | SPT қар. |
| T+3 | мәміле жасалған күннен кейін 3-жұмыс күні орындалатын есеп айырысулардың орындалу шарты |
| T+n | мәміле жасалған күннен кейін n-күні орындалатын есеп айырысулардың орындалу шарты |
| TOD | мәміле сол жасалған күні орындалатын есеп айырысулар жүргізу шарты (ағылшын тілінің “Today” сөзінен шыққан) |
| TOM | мәміле жасалған күнінен кейін келесі күні орындалатын есеп айырысулар жүргізу шарты (ағылшын тілінің “Tomorrow” сөзінен шыққан) |
| TONIA | Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо нарығында бір күн мерзімге репо операцияларын ашу мәмілелері бойынша орта есеptі пайыздық мөлшерлеме |
| USD | АҚШ доллары |
| WFE | The World Federation of Exchanges (Дүниежүзілік биржалар федерациясы) |
| ААҚО | Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығы |
| ААҚО ҚРА | Қазақстан Республикасы Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі агенттігі |
| АЕК | жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеуге, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да төлемдерді төлеуге арналған, әр жылғы мәні “Республикалық бюджет туралы” Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленетін айлық есептік көрсеткіш |
| АИЖМҚ | акционерлік инвестициялық жылжымайтын мүлік қоры |
| АҚ | акционерлік қоғам |
| АҚШ | Америка Құрама Штаттары |
| Биржа | “Қазақстан қор биржасы” АҚ |

| | |
|--------------------------|--|
| БҚ | бағалы қағаздар |
| д/с | деректер сәйкес келмейтіндіктен келтірілмейді |
| ЕБ | еншілес банк |
| ЕДБ | екінші деңгейдегі банк (банктер) |
| ЖШС | жауапкершілігі шектеулі серіктестік |
| Кес. | кесте |
| Қара. | қараңыз |
| Қаржы министрлігі | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| ҚБЕАО КО | Қазақстанның Банкаралық Есеп айырысулар Орталығының Куәландыру орталығы |
| ҚҚА | Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі |
| МАОКАМ | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік арнайы орташа мерзімді қазынашылық міндеттемелері (айналым мерзімі екі және үш жыл) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы) |
| МАОКО | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік арнайы өтемақылық қазынашылық міндеттемелері (айналым мерзімі бір, екі және үш жыл) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы) |
| МАП | мемлекеттік акциялар пакеті |
| МБҚ | мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар (егер өзгеше көрсетілмесе, Қазақстан Республикасының) |
| МЕБҚ | мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар |
| МЕИКАМ | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік индекстелген қазынашылық міндеттемелері (айналым мерзімі үш ай және одан жоғары) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы) |
| МЕКАМ | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы) |
| МЕККАМ | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелері (айналым мерзімі бір жылға дейін) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы) |
| МЕОКАМ | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік орташа мерзімді қазынашылық міндеттемелері (айналым мерзімі бір жылдан бес жылға дейін) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы) |
| МЕУЖКАМ | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жинақтауыш зейнетақы қорларының арасында орналастырылатын мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтауыш қазынашылық міндеттемелері (айналым мерзімі бес жылдан жоғары) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы) |

| | |
|----------------------------|--|
| МЕУКАМ | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері (айналым мерзімі бес жылдан жоғары) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы) |
| млн | миллион |
| млрд | миллиард |
| МУИКАМ | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелері (айналым мерзімі бес жылдан жоғары) (бағалы қағаздар атауының қазақ тіліндегі аббревиатурасы) |
| с/т | құрал саудаға түспеді немесе операциялар орындалмады |
| Сауда-саттық жүйесі | “Қазақстан қор биржасы” АҚ сауда-саттық жүйесі |
| СЖ | “Қазақстан қор биржасы” АҚ сауда-саттық жүйесі |
| Стратегия | Биржаның ішкі құжаты “Қазақстан қор биржасы” АҚ 2007–2010 жылдарға арналған даму стратегиясы” |
| Сур. | сурет |
| ТБҚ | Тәуекелдерді басқару қызметі |
| ТМД | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| трлн | триллион |
| ҰӘҚ | Ұлттық әл-ауқат қоры |
| Ұлттық Банк | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| ҰСН | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тағайындалған бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру нөмірі |
| ХҚҰ | халықаралық қаржы ұйымы (халықаралық қаржы ұйымдары) |
| ШМБҚ | шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар |
| ІЖӨ | ішкі жалпы өнім (егер өзгеше көрсетілмесе, Қазақстан Республикасының) |

Егер осы есептің мәтінде келтірілген мәліметтердің дереккөзіне сілтемелер көрсетілмесе, Биржа өз қызметінің барысында қызметкерлері жинап, жүйелендірілген мәліметтерді қолданды деп түсіну керек.

Қазақстан Республикасы
050020, Алматы
Достық дан., 291/3а

тел.: +7 727 237 53 00
факс: +7 727 296 64 02

Республика Казахстан
050020, Алматы
пр. Достык, 291/3а

тел.: +7 727 237 53 00
факс: +7 727 296 64 02

291/3a, Dostyk Ave.
Almaty, 050020
Republic of Kazakhstan

tel.: +7 727 237 53 00
fax: +7 727 296 64 02

www.kase.kz